

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 34 – 40

THE VALUE WORLD OF FOREIGN KAZAKHS: NOTIONAL ASPECTS

S. E. Nurmuratov, M. A. Bizhanova

Institute for Philosophy, Political Science and Religions Studies CS MES RK, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: s.nurmuratov@mail.ru; e-mail: meru190284@mail.ru

Key words: human, societies, diaspora, development, epoch, worldview, intellectuality, culture, freedom, thinking, independent, language, civilization.

Abstract. There are classified basic value systems of Kazakh diaspora representatives of the near and further abroad in the article. It should be noted that our fellow citizens for many years formed and developed their ideological positions in the context of integration processes in Eurasian space. In this regard, the work draws attention to such fundamental concepts as intercultural dialogue, the national language and the national image of the world. With that the article identifies the key priorities of the value world of Kazakh Diaspora.

ӘОЖ 323/324(574)

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ: МАҒЫНАЛЫҚ ҚЫРЛАР

С. Е. Нұрмұратов, М. А. Бижанова

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: адам, қоғам, диаспора, даму, дәуір, дүниетаным, зиялылық, мәдениет, еркіндік, ойлау, тәуелсіздік, тіл, өркениет.

Аннотация. Ғылыми мақалада қазіргі замандағы алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің негізгі құндылықтық бағдарлары жіктеледі. Біздің отандастарымыз көптеген жылдар бойы өздерінің дүниетанымдық позицияларын еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістер аясында қалыптастырғанын және дамытқанын атап өту керек. Осыған орай осы ғылыми жұмыста қазіргі заманның саяси және мәдени бағдарларына сәйкес келетін мәдениетаралық сұхбат, ұлттық тіл мен әлемнің ұлттық бейнесі сияқты іргелі ұғымдарға назар аударылады. Сонымен қатар, қазіргі күрделі әлемдегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемінің негізгі басымдылықтары анықталады.

Қазіргі заманда көптеген елдердегі этносаралық және дінаралық қатынастар жаңа құндылықтық жүйелердің орнығуына байланысты күрделене түсуде. Сондай мағынадағы күрделі және өзекті мәселелердің қатарына «диаспора» құбылысының өзіндік көрінісін, мағынасын жатқызуға болады және ол практикалық тұрғыда ғылыми пайымдауды қажет ететін ерекше мәдени феномен. Жалпы біздің еліміз өзінің мәдени және көші-қон саясатында бұл мәселеге тек теориялық мағынада ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта проблеманың әлеуметтік-мәдени, рухани-практикалық қырларына, қоғамдық өмірдегі іс-шараларына үлкен мән бере бастауда.

Қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жанару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Жаңару үдерістері ұлт мәселесіне де қатысты ашық көрініс беруде. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жатады. Кейбір елдерде көрініс беріп жатқан экстремистік және террористік актілердің астарында этникалық қауымдастықтар мәселесі мен дүниетанымдық қайшылықтар жатқаны белгілі.

Жалпы кез келген халықтың өзінің адамзат тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы іштейгі ықпалдасу және ынтымақтасу проблемаларын зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда маңызды қадам болып табылады. Бұл мәселе қазіргі тарихи кезеңде тек теориялық жағынан ғана емес, ол сонымен қатар практикалық жағынан да үлкен маңызға ие болып отыр, яғни қазақ этносы өкілдерінің қандай мемлекеттік территорияда өмір сүргеніне қарамастан этностық өзіндік санасының сапасын төмендетпеуге тырысуы, оның тарихи бірлігін, әлеуметтік, саяси күрделі жағдайларда әртүрліліктің біртұтастығын сақтауға талаптануының маңыздылығы артуда.

Шағын, яғни аз санды этникалық қауымдастық әдетте өзінің мәдениетін, өркениеттік құндылықтарын сол өзі өмір сүретін ортада басымдық танытатын, яғни этномәдени доминанталық рөл атқаратын тарихи субъектілердің ресми кеңістіктік заңдарына сәйкес қалыптастырады. Осы қатынастардан туындайтын ерекше заңдылықтар барлық диаспоралық қауымдастықтар үшін өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды, ал қазақ диаспорасы осы өзара байланыстардан да шеттеп қалмайды. Осы тарихи кезеңге дейінгі шетелдерде және біздің елімізде этностардың құндылықтар жүйесін зерттеудің әртүрлі ғылыми парадигмалары пайда болды. Бұрын онша көңіл бөлінбей келген аксиологиялық мәселелер енді пәрменді түрде қарастырылуда. Бұл қазіргі уақыт пен заманауи ғылыми инновациялық дамудың, әлеуметтік жаңғырудың талабы болып табылады.

Көптеген ғалымдар жалпы қоғамдағы ұлт мәселесіне ерекше назар аударып келген мамандармен біріге отырып этникалық қауымдастықтардың әлеуметтік практикасын теориялық тұрғыда қарастырғанмен оған нақты аксиологиялық сипаттамалар беруге кейде жете назар аудармайды. Осыған орай шетел қазақтарының өмірін, ондаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени келбетін, құндылықтар әлемінің ерекшеліктерін қазіргі заманда ғылыми теориялық және қолданбалы зерттеу тұрғысынан қарастырудың өзектілігі мол екені де белгілі және оның қазіргі замандағы ғылыми-зерттеу басымдылығына күмән келтіруге болмайды.

Шетелдегі отандастарымыздың құндылықтық әлемінің ерекшеліктерін ұлттық бірігу, бірегейлену тұрғысынан зерделеп, диаспоралық этникалық өзіндік сананың аксиологиялық ерекшеліктерін зерттеудің теориялық-методологиялық қырларын анықтаған маңызды. Зерттеушілер арасында шет елдердегі қазақ диаспорасының құндылықтық әлемінің қалыптасуы мен дамуына, олардың өзіндік өзгерістеріне әртүрлі авторлар тарапынан аксиологиялық сипаттама берілуде. Ғылым саласы бойынша 2012–2014 жылдар аралығында 12 ғылыми-зерттеу жобасының жүзеге асуы соның айғағы. Осы үдерісті тек ғылыми жүйелеу және олардың арасындағы өзара байланысты барынша нақты анықтау қажет.

Қазіргі заманауи диаспоралық әлеуметтің әлемді рухани игеруінің сабақтастығын және құндылықтық өзгерулерін ашып берудің маңызы зор. Әрине, жақын елдердегі этникалық қазақтардың мәселелерінің практикалық қырларын анықтау бойынша біршама эмпириялық материалдар жинақталғаны белгілі (әсіресе, Ресей және Моңғолия қазақтары туралы мәліметтер еркін түрде және толыққанды жинақталады), бірақ дегенмен алыстағы елдердегі қазақ қандастарымыздың құндылықтық әлемі туралы мағлұматтар кейде толық болмай жатады және олардың жеке тұлғаларының этникалық бірегейленуін анықтау бойынша ғылыми талдаулардың қажеттілігі мол екені анық.

Қазіргі заман шынайы құндылықтарының дамуы ауқымындағы Ресейдегі қазақ диаспорасының этикалық әлеміне талдау жасалып, диаспоралогия ілімінің заманауи мәні мен мазмұнын ғылыми мағынада ұғыну, шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңғыруы ауқымындағы мәселелерді қарастырумен қатар ғылыми-зерттеу жұмысында оның философиялық аспектілері бар екені белгілі. Кез келген мәселеге инновациялық тұрғыда тұжырымдар жасауға болатындығы анық. Дегенмен, кез келген мәселенің түпкі мәнін жан-жақты ашып қана, соның болашағына байланысты қисынды тұжырымдар жасауға болады.

Шетелдегі қазақтардың елге бет қоюы заңды құбылыс. Олар негізінен ұрпағының болашағына алаңдаудан, ұрпағының елге жат болып қалуынан сақтанудан, ұлттық тамырынан ажырап қалу қаупін сезінгеннен, ұлттық бірегейленуге, Атамекенде ұлттық топтасуға ұмтылыстан туындап отыр. Замана көшіне жаһандандудың қауіп-қатерлеріне төтеп беріп, іргелі ел болып ілесу үшін шет жердегі де Қазақстандағы да қазақтарды тұтастай жұмылдыратын осындай ұлттық идеяның жандануы, күш алып дамуы керек. Ұлттық бірегейлік – ел басына күн туған шақтарда өзектілігі арта түсетін ұлттың және жеке тұлғаның төлсаналылығының шарықтауымен сипатталатын, ұлттың өміршеңдігінің кепілі болып табылады.

Туған жер, тарихи Отан, Атамекен ұғымдары – кез келген этностың тәуелсіз, егеменді тұрмыс-тіршілігінің кепілі ғана емес, оның тамырын тереңнен тартқан таным-түсінігіндегі ең қадірлі, қастерлі ұғымдардың ұйытқысы болып табылады. Ұлттық бірегейлену түсінігінің эволюциясын халықтың атақонысқа көзқарасынан да бағамдауға болады. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы Атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен бастау алып, қазақтың жыраулық поэзиясында – құтты қоныс Жерұйық, Жиделібайсын, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман нышандары арқылы бейнеленді. Бұл тарихи санамыздың ерекше көріністері екені анық.

Гуманитарлық салада тәуелсіздік жылдары пәрменді зерттеле бастаған қазақ диаспорасы мәселесін ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастыру ауқымында терминологиялық және әлеуметтік-гуманитарлық, этномәдени қолайлылығы үшін этностық ирреденттерді әдетте «диаспора» немесе «шет елдерде тұратын отандастарымыз» сияқты жалпылама терминдермен атауға болатындығы жөнінде түсініктер ғылыми тұрғыда жан-жақты дәйектелді. Шетел қазақтары өміріндегі заманауилық мәселелер мен саналуан қырлар негізінен нақты күйде диаспоратану мәселелерімен айналысатын зерттеушілерге белгілі екендігі байыпталып, оның аксиологиялық қырларының маңыздылығы анықталды.

Қазақстан кейбір ТМД елдері сияқты, өзіндік жолын отандастармен байланыс мәселесін саралап, шектен шықпай, байыппен қарастыруда, сөйтіп қайсы бір орташа сипаттағы нұсқаны табуға тырысуда екені көрсетілді. Біздің мемлекетіміз бір жағынан, қоныстанушыларды елге шақырады, екінші жағынан, Отанынан тыс шетелдердегі өз ағайындарын барынша қолдауға тырысады, олармен байланысты тәртіпке келтіруге тырысады. Сөйтіп, қоғамның дамуының қазіргі кезеңінде репатриация мәселесіне біздің мемлекетіміздің теңгерімдірек саясатымен ауыстырылғаны айқындалды.

Көптеген этностық қазақтар өздерінің шетелдерде, көп миллион диаспора арасында тұрып жатқан жағдайын ұлттық және тарихи әділетсіздік есебінде күйзеліспен қабылдайтыны пайымдалды, сондықтан бұл мәселенің этнопсихологиялық қыры екендігі көрсетілді. Қазақ диаспорасындағы тұрмыстарын қазіргі кезеңде тек ұлттық қасірет ретінде бағаламай, өзге жерлерге өз ділі мен ұлттық мәдениетін әкеліп, оны бекіте отырып, қазақ халқының басқа аймақтарға еніп және тамырын кеңінен тарату мүмкіндігі деп бағалауға болатындығы жаңаша сипатта тұжырымдалды.

Қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келетіндігі дәйектелді. Сонымен қатар жаңару процестері ұлт мәселесіне де қатысты көрініс беретіндігі мәлім. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жататындығы және ол шетелдегі қандастарымыздың өмір салтына және құндылықтар дүниесіне ықпал ететіндігін байқаймыз.

Қазақстан Республикасы өзінің мәдени және көші-қон саясатында бұл мәселеге тек теориялық мағынада ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта проблеманың әлеуметтік-мәдени, рухани-практикалық қырларына, іс-шараларына үлкен мән бере бастағандығын көреміз. Кез келген халықтың өзінің адамзат тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы іштейгі ықпалдасу және ынтымақтасу проблемаларын зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда маңызды қадам болып табылатындығы анық.

Шетел қазақтарының ұлттық санасындағы құндылықтық-идеялық ұстындардың қалыптасуы және оның жалпы ұлттық салт-санамен ортақ тұстарына баса назар аударуға болады. Қазақ халқының рухани, мәдени, дүниетанымдық құндылықтарының идеялық бастауларын анықтап, шетелдегі қазақтарға да ортақ негіздердің бүгінгі жағдайын қарастыру маңызды. Өзбекстандағы қазақ

диаспорасының мәдени өміріндегі, әлеуметтік жағдайындағы, ақпараттық қамтылуындағы мәселелерге талдау жасалып, олардың салт-дәстүрін, тілін сақтауымен байланысты мәселелерге ғылыми мағынада жаңаша пайымдалғаны абзал.

Ингвар Сванбергтің пікірінше, түркі халықтарының ішінде басқа түркі тектес халықтармен салыстырғанда қазақтар – ассимиляцияға көп ұшырамайтын, оған қарсы тұра алатын, рухани иммунитеті бар этникалық диаспора. Мұндай этникалық және тілдік ортада өмір сүретін басқа қазақ диаспорасының қазақтығын, ұлттық тұтастығын сақтауы – барлық 39 мемлекеттерде тұратын қазақ диаспорасына тән құбылыс. Бұл – шеттегі қазақтардың ұлтына, атажұртына, тіліне, дініне, салт-дәстүріне, жалпы алғанда, ұлттық мәдениетіне, дәстүрлі халықтық дүниетанымына, даналыққа деген керемет құштарлықтың, өшпес үміттің нәтижесі және осындай керемет қасиеттердің шығу тегі данышпан халқымыздың тарихында, дәстүрлі мәдениетінде, болмысы мен ойлау стилінде жатыр.

Қазақстан Республикасы – қазақ ұлтының төрткүл дүниедегі жалғыз Отаны, Атамекені, бірден-бір қара шаңырағы екені әлемге аян. Қазақ диаспорасының арқа сүйер сүйеніші де, өсіп-өнетін атамекені де – тек Қазақстан, байырғы қазақ жері. Сондықтан қазақ ұлты дамуының этникалық-мәдени кеңістігі де Қазақстан Республикасы бүгінде жаңарған Конституциясын іске асырып жатқан отандастарымыз президенттік-парламенттік басқару жүйесіне қарай қозғалуда, барлық қазақстандықтар демократиялық сипаттағы, өркениетті азаматтық қоғамды құруға талпынудамыз. Осы жерде шет елдердегі қазақ диаспорасының тәжірибесін пайдалған да жөнді болып табылады.

Әлем қазіргі кезеңде түбірінен өзгеруде. XXI ғасыр түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып, келешекте өркениетті Қазақстан елі жаңа белестерге көтерілетініне ешқандай күмән жоқ. Ол үшін бізге тыныштық, бейбітшілік, төзімділік, қарқынды еңбек, жүйелі құқықтық тәртіп пен реформа қажет. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осы мәселені барынша өзектендіреді және ұлт интеллигенциясы алдына үлкен гуманитарлық міндеттер жүктейді.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүниежүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Мұндай әрекет барлық халықтар үшін маңызды болып тұр. Әрине, қазақ диаспорасы үшін өздері өмір сүретін жерлердегі басым үрдістердің екпініне шыдай қою да оңай шаруа емес. Мәселен, Батыс Еуропада өмір сүріп жатқан қандастарымыздың жас ұрпағының өз тілін үйренуге мүмкіндіктері шектеулі, олар тек қана тұрмыстық жағдайда ғана тіл мен діннің, салт пен дәстүрдің негіздерін білуге тырысады. Осындай күрделі мәселелерді зерделеген аға ұрпақтың өкілдері осы процестің болашағын болжағандықтан, қалайда қазақ бозбаласы қазақтың бойжеткеніне табысқанын қалайды. Бұл ұлтшылдықтың теріс көрінісі емес, ұлтжандылықтың таза келбеті, этнопсихологиялық сиысушылықтың заңдылығын білуден туындаған даналық.

Кез келген мемлекеттің ұлттық егемендікке жеткеннен кейін түгендей бастайтын құрылымдары мен құндылықтары болады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы адам тағдырына байланысты сала болып табылады. Тағдырдың тәлкегімен, тарихтың әр түрлі күйзелісті кезеңдерімен астасып жататын бұл мәселенің қазақ диаспорасы үшін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңыздылығы зор. Әрине, қазақ диаспорасы мәселесі туралы сөз қозғағанда оған бірыңғай сынаржақты пікір айтып, қазақ халқының тоталитарлық жүйенің құрбаны болғаны жөніндегі тұжырымдармен барлық құбылыстардың мәндік-мағыналық негізін дәйектеп тастауға болмайды. Өйткені, тарихи процесте өзіндік логикасы бар, әр түрлі жағдайлар ауқымына әлеуметтік субъектілердің түсуі де кездейсоқ жәйт емес, сондықтан бұл мәселенің көп астарлы себеп-салдарлық құрылымы бар.

Қазақтардың XX ғасырдағы этникалық тарихы әртүрлі драмалық, кейде трагедиялық оқиғаларға толы болды. Соның ішінде ана тілі мәселесі бойынша туындаған жағдай қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпей қоймайды. Өйткені, қазақ

әліпбиі үш рет түбірлі өзгеріске ұшырады. Алдымен араб әліпбиі болса, одан соң қазақ тілі XX ғасырдың 30-жылдары латын әліпбиіне негізделсе, соңынан халқымыз кириллицаны негізгі әліпбиі етті. Мұның бәрі сырттағы қазақ диаспорасы өкілдерімен ақпараттық, білімдік, мәдени-рухани қарым-қатынас жасауға елеулі кедергілер жасағаны белгілі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев халқымыздың XX ғасырдағы күрделі тарихы туралы: «...қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар» [1] деген пікірін білдіреді.

Жалпы кез келген елдегі диаспора өкілі екіұдай сезімді басынан кешіп жүреді. Бір жағынан, ол өзінің тарихи отанындағы өз этносымен байланысын үзбеуге ұмтылады, өзі тұратын елдегі қандастарымен әр түрлі мәдени қауымдастықтар құрып, ұрпақтарының өзге елде жүрсе де төл мәдениетінен, ана тілінен ажырамауына күш салады. Екінші жағынан, ол өзі азаматы болып табылатын елдегі «азаматтық қоғамның» мүшесі ретінде осы мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсене араласып, жетекші ұлттың мәдениеті мен діліне кіріге түседі. Басқаша айтқанда, ол тұлғалық деңгейде екі полюстің тартылыс күші арасында ғұмыр кешеді.

Егер жеке тұлғаның бойында өзінің туған этносына деген тартылыс күші басымдау болса, болашақ ұрпақтарының да туған этносының төл мәдениетінен емін-еркін сусындап өскенін қаласа, адам сөз жоқ ерте ме, кеш пе өз тарихи отанына оралады. Бұлар ешқандай «босқындар» емес, ғылыми терминологияда оларды «оралмандар» «отанына оралу» деп атап жүрміз. Ал егер диаспора өкілі өзі тұрған елді шынымен-ақ отаным деп сезініп, ұрпақтарының да түбегейлі осы елдің азаматы болғанын қаласа, онда ол, ең алдымен, «азаматтық қоғамның» мүшесі ретінде елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне белсене араласа бастайды (демек, азаматтық бірегейлену процесіне қосылады), содан соң, бірте-бірте сол мемлекетті құрып отырған жетекші этностың тілін, ділін, мәдениетін қабылдап, түптің түбінде араласып кетеді (яғни мәдени-өркениеттік бірегейлену үдерісін басынан өткізеді).

Қазақстандық халықтық бірегейліктің жоғарыдағы белгілерінің ішіндегі өзекті мәселе – қазақстандықтардың ортақ ділінің қалыптасуы. Осыған орай өзімізге жақынырақ шетелдік тәжірибеге сүйенген жөн сияқты, яғни сонау XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа Түркия Республикасын құрып, оның іргетасын қалаған әйгілі Ататүрік салған сара жол біздерге пайдалы тәрізді. Міндетті түрде өзіміздің ерекшелігімізді ескерген орынды.

Бір мемлекетте тұратын адамдардың ортақ ділі болуы, яғни олардың ойлау машығының, мінез-құлқының, ардақ тұтатын құндылықтарының, ұстанатын әдет-ғұрпының және т.б. бірегейлігі көптеген әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты қалыптасатын құбылыс. Олардың ішінде қоныстанған өлкесінің табиғаты, шаруашылық жүргізу тәсілдері сияқты қосымша факторлар болғанымен, ең басты біріктіруші фактор – адамдардың бір-бірімен тарихи тамырластығын сезінуі, былайша айтқанда тарихи санасының, тарихтағы оқиғаларға өзіндік көзқарасының, тарихи жадының ортақтығы болып табылады.

Бүгінде Қазақстаннан тыс жерлерде өмір сүріп отырған 5 миллиондай қазақтардың жартысынан көбі өз атажұртында өмір сүріп жатыр. Бұл – қазақ диаспорасын жан-жақты зерттеудің еске аларлық бір ерекшелігі. Қытай Халық Республикасында ұлттық үш облыс пен екі округті, Моңғолиядағы бір ұлттық аймақты, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, атап айтсақ, Өзбекстан, Ресейдегі қазақтардың негізгі бөлігін бұрыннан өз атажұртында өмір сүріп жатқан қандас бауырларымыз құрайды. Осыдан олардың сан ғасырлық тарихи-мәдени ерекшелігін, этникалық салт-дәстүр тұтастығын зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы туындайды.

Қазіргі заманда алыс және жақын шетелдердегі отандастарымыздың өмір тіршілігін, руханият әлемін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырудың мүмкіндіктері кеңеюде. Қазақ диаспорасы құбылысының өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастыра бастағанымызға да көп уақыт бола қойған жоқ. Дәлірек айтсақ, оның тарихы тәуелсіздік принциптері бекіп келе жатқан жиырма жылдан енді ғана аса бастады. Бұл бір жағынан алғанда, үлкен тарих үшін көп уақыт болмағанымен, екінші жағынан, белгілі бір талдаулар жасаулар арқылы қорытынды ойларды қозғап, тұжырымдар жасауға, этноәлеуметтік кеңістіктегі күрделі құбылыстарға сыни бағалаулар беруге жеткілікті болатын тарихи шама.

Өткен ғасырдың соңына таман қазақ жеріне келген саяси және мәдени тәуелсіздіктің қоғам тарихында біршама жасампаз мүмкіндіктерді ашқанын, көптеген шектеулі дүниелердің ғылыми зерттеулердің, әлеуметтік практиканың нысанына айнала бастағаны белгілі. Қазіргі таңда қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да өзінің заманауи маңыздылығын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтардың рухани кеңістігінде ұлттық мәдениетіміздің кейбір төлтумалық мәйегі, дәстүрлі жәдігерлері барынша бірегейлікпен сақталған жерлер де баршылық [2].

Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастауларын анықтау арқылы біз оның құндылықтар жүйесінің толық этномәдени, өркениеттік картинасын жасай аламыз. Қазақ халқының құндылықтар әлемінің рухани байлығы негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда дүниежүзі қазақтары үшін «тарихи Отан» деп аталатын ресми мойындалған мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі қазіргі таңда барынша өзектеніп отыр. Себебі, кезінде үзіліп қалған қатынастарды жаңғыртпай даму да болмайды.

Өзара мәдени қатынастардың жаңа қырлары анықталғаны жөн және ол негізінен құндылықтық бағдарларымызды қайта қарау мәселесімен байланысып жатуы тиіс. Мәселен, көптеген этнологиялық, әлеуметтік және саяси күрделі мәселелердің терең астарлары мен шешімдері осы өзара байланыстарды, ықпалдасуларды тиімді нұсқада дамытуда, өрбітуде болып отыр. Сондықтан, қазақстандық қоғамды өркениетті дамыту жолындағы қадамдармен қатар елімізде гуманитарлық және инновациялық білімді тарату аясында қазақ диаспорасының зерттеуге қатысты көптеген қайшылықты мәселелер барынша жан-жақты анықталуы тиіс. Мәселен, көптеген елдерде қандастарымыз ассимиляция үрдістерінің ауқымына барынша еніп бара жатқаны, кейбір жастардың өздерінің этникалық өзіндік санасына, тіліне, діліне салқынқандылықпен қарай бастағаны алаңдатады.

Қазақ диаспорасы өкілдерінің қазіргі замандағы әлемді эстетикалық тұрғыда рухани игеруінің ерекше белгілерін ашып көрсету үшін оның өзіне тән ерекшеліктерін ғылыми байыптау қажет және сонда ғана эстетикалық құндылықтардың мағынасы баршаға нақтылана түседі. Эстетикалық түсініктер әлемдегі адамаралық қатынастардағы, адамның табиғатпен қатынастарындағы ырғақты және көркем үйлесімділіктерді анықтаумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда әсемдік әлеміне саяхат жалпы адамның дүниетанымдық кемелденуімен, біртұтастануымен тікелей байланысты. Өзінің ішкі әлемінің үйлесімділігін адам да, қауымдастық та құндылықтар жүйесін қалыптастыру барысында барынша қиындықтарға тап болады. Сондықтан құндылықтарды реттеудің қайнар көзі субъектінің әлемге деген қатынасын ретке келтірумен астасады.

Қазақ халқы өзінің тарихи даму эволюциясында түркі әлемімен және славяндық көршілермен қарым-қатынаста жалпы құндылықтық дүниесін қалыптастырғаны белгілі. Осыған орай заманауи түркі қауымдастықтарының мәдени болмысының өзара тарихи байланысын, қатынастарының әртүрлі қырларын көрсету арқылы қазіргі әлемдегі қазақ диаспорасының этникалық әлемінің аксиологиялық портреті жасалуы мүмкін. Әлемді баурап алған жаһандану дәуіріндегі мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясындағы түркілік әлемнің рухани өзіндік біртұтастығын анықтап алу да, оның ықпалдасуының болашағын көрсету де өмір қажеттілігі болып отыр. Құндылықтарымыздың түйсетін жерін анықтау, өзара көмекке ұмтылу рухани даму тұрғысынан алғанда барлық халықтар үшін ауадай қажет дүние. Құндылықтарын қадірлеген халық қана басқа мәдениеттер алдында сыйлы бола алады.

Бір миллиондай қандастарымыздың еліміздің заманауи полиэтникалық кеңістігіне сіңісе бастағанына да, өзінің азаматтық етенелесуін орнықтыра бастағанына да жиырма жылдан аса кезеңнің ауқымы болып отырғаны белгілі. Кезінде тәуелсіздіктің ашып берген мүмкіндіктерінің арқасында еліміздің елді мекендеріне қоныс аударып үлгерген қазақ диаспорасының өкілдерінің, яғни репатрианттарының бірталайы өзінің құндылықтық әлемін тарихи Отанында қалыптасқан ұстанымдармен, дәстүрлермен сәйкестендіре отырып қалыптастырып және дамытып жатқаны да баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасына қоныс аударған қазақ этносының өкілдері үшін бұл көші-қон қадамдары оңайға соққан жоқ. Елімізге келіп, жаңа полиэтникалық кеңістікке ендеген бауырларымыз тек тұрмыстық қиындықтармен қатар этикалық және эстетикалық құндылықтар тұрғысынан алғанда, дүниетанымдық ұстанымдар бойынша да өздерінің көзқарастарына біршама түзетпелер

жасауға мәжбүр болды. Бұл тарихтың ырғағымен жүзеге асатын, әрбір мигранттың басынан өтетін заңды құбылыс болатын. Ешкім, ешқандай қауымдастық бұл заңдылықты айналып өте алмайды және оны қажет емес деп ысырып тастау да мүмкін емес, оған барынша түсіністікпен қарап, төзімділіктің арқасында бейімделуі де шарт.

Қазіргі тарихи кезеңде дамыған мемлекеттер мен қауымдастықтардың өзі өздерінің жарқын болашағы үшін заманауи тарихи кезеңде ел бірлігі мен оның біртұтастығын сақтап қалу үшін пәрменді қадамдар жасап жатқаны белгілі. Өзінің ішкі бірлігін, ынтымақтастығын шынайы әлеуметтік маңыздылыққа, ерекше рухани құндылыққа айналдырған халық ғана өмірдегі талай асуларды алуға көбірек мүмкіндіктерге ие болады және сонымен қатар басқалардың алдында өзінің біртұтастығы жарасқан қадірлі ұлтқа айналары хақ. Ұлттар арасында, діндер арасында көзге көрінбейтін бәсекелестік жүруде. Тек осы бәсекелестіктің бірігетін тұстарын ұмытпағанымыз жөнді. Ол негізінен адамзаттың барлығы үшін маңызды тұлғаның «тұтастай дүниені түсіну» тұжырымдамасымен астасып жатады.

Қазақ халқының күрделі тарихының көптеген көлеңкелі беттерінің айғағына отандастарымыздың өткен ғасырларда бір бөлігінің еріксізден көршілес елдердің азаматтарына айналуын жақызуға болады. «Қазақ диаспорасы» деген ұғым барлық шетелдердегі қазақтар туралы айтыла бастады және сонымен қатар бұл ұғым кезінде ХХ ғасырдың басында шекараны анықтау кезінде арғы бетте өзінің ата-бабасының мекенінде қалып қойған және оны әлеуметтік ғылымда «этни-калық ирредента» деп атайтын қандастарымызды қамтыды. Осы жалпы саны бес миллионға жақын исі қазақ ағайындардың тәуелсіздік нығая түскен жиырма жыл ауқымында бір миллиондайының өз тарихи Атамекеніне оралды және елімізде толыққанды азамат болып тіркелді, көбісінің квота бойынша баспаналы да болды. Әрине, бұл үдерістің жалғасының болғаны қазақ халқының болашағы үшін маңызды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 190 б.

[2] Нұрмұратов С.Е. Шетелдегі отандастарымыздың құндылықтық бағдарлары хақында // Қазақ диаспорасының заманауи эстетикалық және этикалық құндылықтары. – Алматы: ҚР БҒМ ФСДИ, 2013. – 216 б.

REFERENCES

[1] Nazarbaev N. Tarih tolkininda. Almaty, 1999. 190 b.

[2] Nurmuratov S.E. Sheteldegі otandastarimizdin kundilictik baghdarlari hakinda. Qazaq diasporasinin zamanauі estetikalik jane etikalik kundiliktari. Almaty: QR BGM FSDI", 2013. 216 b.

ЦЕННОСТНЫЙ МИР ЗАРУБЕЖНЫХ КАЗАХОВ: СМЫСЛОВЫЕ АСПЕКТЫ

С. Е. Нурмуратов, М. А. Бижанова

Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: человек, общество, диаспора, развитие, эпоха, мировоззрение, интеллектуальность, свобода, культура, независимость, язык, цивилизация.

Аннотация. В научной статье классифицируются основные ценностные ориентиры представителей казахской диаспоры ближнего и дальнего зарубежья. Следует отметить, что наши соотечественники на протяжении многих годов формировали и развивали свои мировоззренческие позиции в контексте интеграционных процессов в евразийском пространстве. В связи с этим в работе обращается внимание к таким фундаментальным понятиям, как межкультурный диалог, национальный язык и национальный образ мира и т.д. Вместе с тем, в статье определены основные приоритеты ценностного мира казахской диаспоры в современном мире.

Поступила 30.10.2014г.